

Қаздауысты Қазыбек: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№57 (19.265)

Сейсенбі, 8 сәуір, 2003 жыл

Бағасы келісім бойынша

БАСТЫ  
ӘЛ-АУ



*Фотохабар*

## Мереке қарсаңында мүсіні орнатылды

Геологтар күні қарсаңында, яғни 4 сәуірде «Центрказнедра» аумақтық басқармасы ғимаратының ішінде қазақ халқының біртуар ұлы, ғұлама ғалым, республикамыздағы геология ғылымының негізін салушы, ҚР Ұлттық Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мүсіні орнатылып, салтанатпен ашылды.

Осынау айтулы оқиғаға аталған басқарманың мамандары, ғалымның туыстары мен Қарағанды мемлекеттік политехникалық университетінің студенттері жиналды.

Салтанатты сәтте басқармадағы геология бөлімінің бастығы А.Байдалинов, осы мекеменің бастығы Б.Хамзин, еліміздің құрметті геологы У.Есентаев, ҚМТУ экология факультетінің доценті Б.Біләлов сөз сөйлеп, мүсінді жасаушы өнер шебері Ж.Қалиевке алғыстарын айтысты.

Соңынан У.Есентаев пен Б.Біләлов мүсінді ашудың құрметіне ие болып, оның табанына гүл шоқтары қойылды.

**Өз тілшімізден.**

Суреттерде: Салтанатты сәттен көріністер.

Суреттерді түсірген  
Ж.ИМАНӘЛІҰЛЫ.

